

## Баянауыл ауылдық округі Баянауыл ауылының көшелеріне атау беру туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Баянауыл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 09 желтоқсандағы № 88 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 қаңтарда № 4252 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес Баянауыл ауданы Баянауыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Баянауыл ауданы Баянауыл ауылдық округі Баянауыл ауылындағы атаусыз көшелеріне келесі атаулары берілсін:

Каныш Сатпаев және Мухтар Ауезов көшелерінің арасында орналасқан көшесі - «Несипбек Баязитович Баязитов»;

Ермухан Бекмаханов және Кошке Кеменгеров көшелерінің арасында орналасқан көшесі - «Хамза Аубакирович Абылгазин»;

Мухтар Ауезов және Каныш Сатпаев көшелерінің арасында орналасқан көшесі - «Рымтай Избәстіұлы Избәсті».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл ауылдық округі әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Баянауыл ауылдық округінің әкімі	А. Каниев
----------------------------------	-----------